

«Бекітемін»
 Қазақстан Республикасы
 Білім және ғылым
 вице-министрі
 Б.А.Асылова
 « 03 » 2018 ж.

**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша
 «Дүниетану» пәнінен 4 сынып оқушыларына арналған тест спецификациясы**

Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және бастауыш білім берудің оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған құжат.

1. Мақсаты: жалпы білім беретін орта мектептердің 4 сынып оқушыларының дүниетану пәні бойынша дайындық деңгейлерін анықтау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгей – 7 тапсырма, екінші деңгей – 5 тапсырма, үшінші деңгей – 3 тапсырма.

Дүниетану пәні бойынша тест бастауыш білім берудің оқу бағдарламасына сай мына бағыттағы тапсырмалардан тұрады:

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Табиғат	01	Табиғатты зерттеу және бақылау үшін қолданылатын түрлі әдістер	01	Айналаны бағдарлау тәсілдері
		02	Физикалық карта	01	Құрлық беті: жазықтар, таулар. Адам әрекетінен жер бетінің өзгеруі. Қазақстанның жер бедері, оның физикалық картада бейнелеуі
		03	Пайдалы қазбалар	01	Қара және түсті металл кендері. Жанғыш пайдалы қазбалар. Кенге жатпайтын пайдалы қазбалар
		04	Су	01	Су айналымы. Жер асты сулары. Минералды сулар. Өзендер мен көлдер. Суды қорғау
		05	Ауа және ауа райы	01	Ауаның жер бетінің тіршілігі үшін маңызы. Ауаның құрамы, қабығы. Қазақстанның физикалық, географиялық картасы
02	Қазақстанның өсімдіктері мен жануарлары	01	Өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік ететін мекендеріне бейімделуі. Еліміздің егіншілік және мал шаруашылығы	01	Шалғын (дала, шөл, орман-тоғай, су, таулы) өсімдіктері мен жануарлары. Ауа райының өзгеруі мен адам еңбегінің әсеріне байланысты олардың тіршілігіндегі өзгерістер
				02	Адамның егін және мал шаруашылығын дамыту үшін жасаған жағдайлары

3. Әрбір тапсырманың сипаттамасы:

Оқу бағдарламасы бойынша 4-сыныптың соңында оқушылар: пайдалы қазбалар, оның адам өмірі үшін маңызын; су айналымы, суды қорғау жолдарын;

адамның ауаны тазарту мен қорғау үшін жасап жатқан істерін; «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер мен жануарлар (бағдарлама көлемінде); ауаның құрамы, қабығы, оның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі рөлін; туған жердің егіншілігі мен мал шаруашылығын, даму жағдайларын; өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік ететін мекендерін, адам еңбегінің әсерін, қорғау жолдарын; ғарыш туралы алғашқы мағлұматты және қазақ халқының алғашқы ғарышкерлерін; ауа, су және топырақты тазарту және қорғаудың қарапайым жолдарын білуі қажет.

4. Тапсырмалар формасы:

Тест тапсырмасында берілген бес жауап нұсқасында бір дұрыс жауапты таңдау. Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет. Тест тапсырмасын толығымен орындау уақыты – 30 минут.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін тестіленуші 1 балл алады. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған жағдайда 15 балл алады.

6. Тест тапсырмаларын апробациядан өткізу:

Тест тапсырмалары ҚР мектептерінің 4 сыныптарында апробациядан өтеді.

